



• Тәуелсіздік белесі

## Кәсіпкерлік дамыған жыл болды



2012 жыл. Аталған жылды аудан тарихында жарқын естеліктермен қалдыру мақсатында бірқатар жемісті жұмыстар атқарылды. Нарықтық экономика кезеңінде халықты еңбекпен қамту мәселесін шешуде аша жұмыс орындарын ашу бағытында нақты шаралар қолға алынды.

Н. МАРАТҚЫЗЫ

«Удемелі индустриалды-инновациялық даму» бағдарламасына сәйкес үйлестіру кеңесіне 21 жоба ұсынылды. Солардың бірі – «Оңтүстік әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясымен», «Кам-бала балық» ЖШС-імен бірлесіп отырып Арал балық камбинатының мұздатқыш цехына сметалық құны 108 млн. теңге тұратын қосымша құрылыстар салу арқылы 192 млн. теңгеге бағаланған «Арал» сервистік дайындау орталығы болды. Балық өңдеу кешені Ресей, Беларусь елдеріне өнім шығару құқығына ие болды. Сондай-ақ «Атамекен балық өнеркәсібі» ЖШС-гі мен «Арал» сервистік дайындау орталығы тиісті ветеринариялық-санитарлық тексеруден өтіп, Евро Одақ елдеріне әшекейлеп мұздатылған балық филесін экспорттауға мүмкіндік беретін «Еврокод» алған облыстағы алғашқы мекемелер атанды.

2012 жылы «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша 6 жоба дайындалып, ұсынылған. Индустрияландыру картасына ұсынылған жо-

балар қатарында «Органикалық тыңайтқыш өндіру зауыты мен жылыжай салу», «Тұз шығару зауыты» тәрізді ірі жобалармен қатар, жеке кәсіпкерлердің «Медициналық аспаптарды залалсыздандыру», «Мал сою, бордақылау пункті», «Наубайхана салу» сынды жобалар да болды.

Индустрияландыру бағдарламасы шеңберінде ірі жобаларды іске асырумен қатар ауданда шағын кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне де жіті назар аударылды. Салыстырмалы түрде алатын болсақ, 2011 жылы 2228 шағын кәсіпкерлік субъектілері тіркелген болса, 2012 жылы бұл көрсеткіш 2423-ке жетті немесе өткен жылмен салыстырғанда 195 бірлікке артты.

Тіркелген субъектілердің ішінде жеке кәсіпкерлер саны 195 бірлікке немесе 2 пайызға, ал шаруа қожалықтары 4 бірлікке сәйкесінше бір пайызға өсті. Аталған шағын кәсіпкерлік субъектілерінде 2012 жылы 3733 адам жұмыспен қамтылды. 2012 жылы кәсіпкерлік саласында 310 жаңа жұмыс ор-

нын ашу жоспарланған болса, жыл көлемінде 311 кәсіпкерлік субъектісі заңды тіркеуден өтіп, жаңа жұмыс орындары ашылды. Немесе жоспар 103 пайызға орындалды.

Нарық заңдылығына сәйкес жеке кәсіп көзін ашып, заң талаптарына сай тіршілік жасаймын деп талап қылған жандарға несиелер беріліп, қаржылай қолдау көрсету оңтайландырылған. 2012 жылы ауданда жұмыс істеп тұрған 22 шағын несиесі құрылымы арқылы 2744 адамға 1658856,9 мың теңге несиесі берілген. Жеке кәсіпкерлерді оқу-әдістемелік қолдау мақсатында жергілікті бюджеттен қаржы бөлініп, семинар – кеңестер өткізілді.

2012 жылы ауданда Н. Мұсабев әкім болды. Ол елмен кеңесіп, кездесіп, ел ішіндегі өзекті мәселелерге мән беріп, шешу тетіктерін қарастырды. Соның арқасында аудан дамуында даңғыл жолына түсіп, халықтың көптеген қиындықтары оң шешімін тапты. Елімізде енгізілген түрлі бағдарламалар шеңберінде де нәтижелі жұмыстар атқарылды.



## Жарты ғасыр белесіндегі білім ордасы

Қаладағы іргелі білім ордаларының бірі – №220 орта мектебіне биыл 50 жыл толып отыр. Осыған орай аудандық мәдениет үйінде өткен шараға аудан әкімінің орынбасары Бектемір Жұмағұлов арнайы қатысып, пән бірлестіктері бойынша ұйымдастырылған арнайы көрмені көрді. Сондай-ақ мектептің жарты ғасырлық белесіне орай шығарылған «Білімнің шамшырағы» кітабының тұсаукесерінде болды.

Оңталап ЖОЛДАСОВ

Жарық пен безендірілген сахна. Сол сахнада үйлесім тапқан ұстаз бен шәкірттердің көңіл толықтатын көрінісі. Бұл – мерекелік шараның бастауы. Көрсетілген қойлымға шараға жиналған ардагер ұстаздар мен түлектердің, оқушылар мен мұғалімдердің көңілін толқитты.

Шарада аудан басшысының орынбасары Б.Жұмағұлов:

– Биыл талай қыранды қанаттандырып, талай ұланды ұясынан ұшырған ауданымыздағы іргелі білім ордаларының бірі де бірегейі, №220 білім ошағына 50 жыл толып отыр. Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында аталып жатқан білім ошағының осынау айтулы жарты ғасырлық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Тіршілікке еніп, өмір көшіне ілескен соң өз ортасынан орын алуға, білімнің шыңына шығуға, елінің тұғырын бийіктетуге, үлес қосуға кімнің де таласы бар емес пе?! Ұлы Абай: «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетіргіш тап та, бар қалан» демекші, әр кірпіштің дұрыс ері орынды қалануында білім ордасының алар орны

ұшан-теңіз. «Ағаш жапырағымен, адам ұрпағымен, ал ұстаз шәкіртімен көрікті» дегендей 50 жылдық мерейлі мерейтойда мектеп тарихына үлесі бар барлық ұжым мүшелеріне зерек те алғыр ойлы, XXI ғасырдың бәсекеге қабілетті ұрпағын тәрбиелеу жолындағы еңбектеріне шығармашылық шабыт, талағай табыс тілеймін, – деп құттықтау тілегін айтып, мектеп басшысы Әліби Әбілбаевқа аудан әкімі Серік Сермағамбетовтың құттықтауын табыстады.

Одан кейін бірқатар ардагер мұғалімдер мен мектеп түлектеріне Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасы» мен аудан әкімінің Алғыс хатын табыстады. Сондай-ақ №220 орта мектебінің мұғалімі Дархан Аманжолұлының сөзіне жазылған «Қазанғап» ұлт аспаптар оркестрінің мүшесі, сазгер Октябрь Ізбановтың «Алтын ұям» әнінің тұсауы кесілді.

Шарадан әрі мектеп орындарының концерттік бағдарламасына ұласты.

## Аудан кітапханашылары жеңіс тұғырында

Әр адам баласының қол жеткізген ұлы асыл қасиеттерінің бірі – білім қазынасы болып саналады. Ғабит Мүсірепов атамыз: «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік», - дегендей, кітапты жай ғана оқып ғана қоймай, оны түсініп, талғап оқи білу қажет. Білімнің басты қазынасына айналған осы кітап жайында алдыңғы аға буынның да айтар пікірі жоғары. Ал қазіргі жас буынды кітап оқуға баулуға кітапхана қызметін айрықша атап өтуге болады. Бүгінде білік тарапынан да осы мәселеге лайықты деңгейде қолдау көрсетіліп келеді. Оған дәлел ретінде ауданға қарасты әр ауылда жұмыс ітеп тұрған кітапханалар бар. Міне солардың жұмысын жүйелендіріп, қызметкерлерін ынталандыруда қолға алынып жатқан бастамалар да жоқ емес. Жетістіктер де жетерлік. Айталық, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай және «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында «Жыл кітабын бірге оқимыз!» атты облыс кітапханашылары арасында екінші мәрте онлайн байқау



ұйымдастырған болатын. Бұл байқауда аудан кітапханашылары жеңіс тұғырынан көрінді. Осы орайда аудан әкімінің орынбасары Б.Жұмағұлов бірқатар кітапхана саласының үздіктерін қабылдап, облыстық байқауда оза шауып, көзге түскен жеңімпаздарды марапаттады.

Байқауға «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында жалпыхалықтық оқуға ұсынылған шығармалар қатарынан жергілікті жазушы Т.Нұр-мағанбетовтің «Періштелердің өлімі» романын талқылау ұсынылды. Кітапханашылардың кәсіби шеберліктерін шыңдау мақсатында ұйымдастырылған байқауға облыс бойынша аудан, қала, ауылдық кітапханалардан 55 кітапханашы қатысып, өз білімдерін ортаға салып, біліктіліктерін шыңдады.

Өмірзақова иеленсе, 3 дәрежелі дипломмен аудандық орталық кітапхананың әдіскері Таңшолпан Нысанжанова марапатталып, аудан мерейін асырды.

Жалпы аудан бойынша 15 кітапханашы осы байқауға өз жұмыстарын ұсынып, арнайы алғыс хаттармен марапатталды.

•Толқын» ақпарат

**«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-5-бабының 9-тармағына сәйкес Арал аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды:**

**Аудандық сайлау комиссиясының 2021 жылғы 4 қарашадағы шешімімен 2021 жылғы 14 қарашаға тағайындалған сайлауда Арал қаласы әкіміне кандидат болып тіркелді**

Талекенов Ербол Сатбаевич – 1983 жылы туған, қазақ, «Арал ауданы әкімдігі», Арал ауданы әкімінің орынбасары, Арал қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

Алибеков Кайсар Алибекович – 1978 жылы туған, қазақ, «Арал аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі», бас маман, Арал қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

Умбеталиев Алтай Женисович – 1969 жылы туған, қазақ, «SULPAK» сауда үйі, қауіпсіздік қызметінің басшысы, Арал қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

Жубанов Жанибек Жарасович – 1980 жылы туған, қазақ, «Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі», бөлім басшысы, Арал қаласында тұрады. Өзін-өзі ұсынған.

Елімізде қазан айының соңғы жексенбісі әлеуметтік сала қызметкерлерінің кәсіби мерекесі ретінде аталып өтіледі. Бір қарағанда жұмысы көзден таса көрінгенмен қайнаған қызу тірлік осы салада. Себебі, күн сайын зейнеткерлерге, жан жылуын, адамзат мейірімін күтетін қамқорлық жандарға, көп балалы отбасыларға, табысы аз азаматтарға көмек қолын созып, өмірде кездесетін қиындықтармен күресуге көмектесіп жүретін осы салада еңбек ететін жандар. Бұдан бөлек мүмкіндігі шектеулі жандар және өзге де өмірдің қиыншылықтарына тап болған адамдарға да жол сілтеп жүретін әлеуметтік сала қызметкерлері. Сондықтан да мейірімділік пен қайырымдылық, төзімділік және әрдайым қол ұсын беруге дайын елгезектік сияқты адам қасиеттер осы салада қызмет ететін жандарға тән деуге болады. Бүгінде ауданда жүзге тарта қызметкер әлеуметтік қорғау жүйесін дамытуда аянбай еңбек етіп келеді.

## Әлеуметтік сала қызметкерлері бақ сынасты



Міне жергілікті биліктің осы салаға деген құрметі болса керек, қаладағы орталық стадионда Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай әлеуметтік сала қызметкерлерінің арасында спорттың 5 түрінен спартакиада ойындары өтті. Бірнеше күнге созылған спорттық спартакиаданың қорытынды күнінде аудан әкімінің орынбасары Б.Жұмағұлов қатысып, әлеуметтік сала қызметкерлерінің күнделікті өмірде атқаратын жұмыстарын лайықты бағалап, кәсіби мерекелерімен құттықтады.

– Сіздер өз қызметтеріңіз арқылы қоғамдағы көмекке мұқтаж, қамқорланарлық жандарға, зейнеткерлерге, жалғызбасты, табысы аз азаматтарға көмек қолын созып, қиындығын бөлісіп, оны еңсеруге бірге атсалысып

келесіздер. Қажырлы еңбектеріңіздің нәтижесінде қиын жағдайға душар болған азаматтар қажетті қолдау тауып, еңселерін тіктеуде. Кәсіби мерекелеріңізге орай ұйымдастырылған спартакиадаға қатысушы барлық командаларға сәттілік тілеймін, – деген аудан әкімінің орынбасары осы салада абройлы еңбек етіп келе жатқан бірқатар қызметкерлерге ҚР Еңбек және Халықты әлеуметтік қорғау министрінің және облыс, аудан әкімінің Алғыс хаттарын табыстады. Сондай-ақ бірнеше қызметкерлер облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының Алғыс хатымен марапатталды.

Спартакиада ойындарында әлеуметтік сала қызметкерлерінен құралған үш команда спорттық волейбол, дартс, арқан тарту, футбол және эстафета сынды түрлерінен өзара бақ сынасты. Сонымен тартысты өткен спартакиадаға барлық қызметкерлер бірлесіп атсалысып, командалық есепте «Арал» командасы 41 ұпаймен бірінші орынға жайғасты. Мұнан кейінгі II орынды «Әлеумет» командасы еншілесі, III орын «Жалын» командасына бұйырды.

•Толқын» ақпарат



## Әлеуметтік желі – радикализмнің басты ошағы

Қазіргі таңда, қолға қару алып соғысу ескірген әдістердің қатарына жатқызылды. Өзге идеологияны азаматтарға сіңіру үшін де бұрынғыдай ел ішіне сіңіп, үгіт-насихат жасаудың да қажеті жоқ. Тіпті біреуді қашықтан отырып-ақ өлімге, қылмысқа, террорлық әрекеттерге итермелеуге болады. Осы теріс әрекеттердің барлығы дерлік бүгінде ғаламтордың көмегімен жүзеге асып жатыр.

XI ғасырдың басында дүниежүзілік интернет желісі экстремистік және террористік ұйымдардың ақпараттық қызметінің негізгі алаңына айналды. Мәселен, өлемде интернет желісін пайдаланушылардың жалпы саны 4,54 млрд адам болса, Қазақстан аумағында 17,5 млн адамды құрайды. Осыдан-ақ экстремистік топтардың үлкен мүмкіндіктерге ие екендігін байқауға болады.

Қазіргі таңда діни экстремизм мен терроризм – әлемдік дертке айналған ер күрделі проблемалардың бірі. Радикалды идеялардың дамуының жаңа кезеңінің бастауы экстремистік топтардың үгіт-насихат жұмыстарының киберкеңістікке ауысуы болып отыр. Бүгінгі таңда радикалды діни топтардың түрлі айла-әдістерді қолдану арқылы Отандастарымызды өз қатарларына тарту фактілері көптеп кездесуде. Діни радикализм мен экстремизм идеологиясы ғаламтор кеңістігі мен заманауи электрондық бағдарламалық қосымшалар, жаһандық ақпараттық-коммуникациялық желілерін пайдалана отырып, ақпараттық-психологиялық әсер ету арқылы қоғам санасына енуде.

Бірінші социологиялық статистикалардың нәтижелеріне сүйенсек, жастардың 70 %-ға жуығы өздерінің алғашқы діни сауаттарын әлеуметтік желі арқылы алатыны анықталған. Деструктивті діни ағымның жетегіне кететіндердің 88%-на осы әлеуметтік желі тікелей әсер етіп отыр.

Экстремистік топтар тарапынан жаңа жақтас-тарды қатарына тарту үшін барлық қолжетімді мүмкіндіктер қолданылады: әлеуметтік желілер, тақырыптық форумдар, мессенджерлер, онлайн ойындар және өзге де жастарды қызықтыратын бағдарламалар. Жарияланатын ақпарат белгілі бір мақсатты аудитория (жабық чаттар және әлеуметтік желілердегі топтар), сондай-ақ пайдаланушылардың кең ауқымы үшін дайындалады. Онлайн кеңістігіне көшуге байланысты экстремистік мазмұндағы ақпараттық-насихаттық материалдардың жарияланатын контентінің сапасы мен санының артуы байқалады.

ДЕРЕККӨЗ: kazislam.kz

Соңғы он жыл көлемінде әлемдегі терроризм мен экстремизм қаупінің бейнесі танымастай өзгерістерге ұшырады, оған бірден-бір себеп – ғаламтор желісі мен әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы. Бүгінде теранктік оқиғаларды немесе басқа да әлемде болып жатқан жаңалықтарды ресми БАҚ-тан гөрі, әлеуметтік желі тұтынушыға тез жеткізіп береді.

Қазақстанда орын алған лаңкестік актілерді талдаудың нәтижесі бойынша, лаңкестердің 55% – 29 жасқа дейінгі жастар, 35% – 30-39 жас аралығындағылар болса, ал 10% – 40 жастан асқан адамдар екені анықталған.

Деструктивті діни ағымдар өздерінің аудио-бейнежазбаларын, лекцияларын мен кітаптарын әлеуметтік желілерге белсенді түрде жариялап, жастардың саналарын оңай жаулауда. Шырмауықша шұбатылған әлеуметтік желінің қазір түр-түрі бар. «ВКонтакте», «Facebook», «Instagram», «Telegram», «Tik-tok», «Одноклассники», «Taratalk» секілді әлеуметтік желілерді пайдаланбайтын адам жоқтың қасы. Әсіресе жастардың 70-80% пайызы интернетте отырады. Қатарында желілер арқылы діни сауат ашып, артынаша деструктивті діни ағымға еріп кететіндер қатары азамайы тұр.

Бірақ шырпы жақсаң тұтануға шақ тұрған қазіргі қоғамда әлеуметтік желілерде желдей ескен түрлі деструктивті ағымдардың астыртын үгіт-насихат жұмысы қарқын алып, діни экстремистік идеялардың қоғамымызда тарай бастағаны жасырын емес. Әсіресе, жасөспірімдер арасында танымал болған «Tiktok» әлеуметтік желісінде өз насихаттарын жүргізуде.

Осы орайда, ата-аналар балаларды бақылауда ұстап, әлеуметтік желіде қандай топтарға тіркелгенін тексергені дұрыс. Психологтардың айтуынша, қазіргі уақытта әлеуметтік желілер адамның жеке мәліметтеріне, қызығушылықтарына толық қол жеткізуге мүмкіндік береді, бұл жағдай деструктивті діни ағымдардың болашақ жақтаушыларын тарту процесін жеңілдетіп отыр.

Электронды мүмкіндік – заманауи ақпарат алудың қайнар көзі. Солардың ішінде дұрыс таңдау жасай алу – қауіпсіздігіміздің кепілі болмақ. Ең бастысы әлеуметтік желіге салынып, сауатты қараған дұрыс. Әрбір ақпаратты ресми сайттармен салыстырып, өзгемен біріктіріп алдымен өзіңіз үшін пайдалы. Ақпараттың кеңістігі діни мәліметтерді байыбына бармай алудан сақтануымыз керек.

### Хабарландыру

13.12.2021ж. Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қ., Астана көшесі, 33 үйде ҚОҚ жобалары бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өтеді:

1) сағат 09:30-да «Қызылорда облысы Арал қ. А.Жубаниязов көшесінің бойында автокөлік жолының құрылысы».

Карантин ұзартылған жағдайда қоғамдық тыңдау онлайн режимінде Zoom платформасында бейнеконференция байланысы арқылы өтеді.

2) сағат 11:00-де «Қызылорда облысы Арал қ. А.Сатаев көшесінің бойында автокөлік жолының құрылысы».

3) сағат 15:00-де «Қызылорда облысы Арал қ. Ж.Тәжімбетов көшесінің бойында автокөлік жолының құрылысы».

Карантин ұзартылған жағдайда қоғамдық тыңдау онлайн режимінде Zoom платформасында бейнеконференция байланысы арқылы өтеді.

Сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/83984374587?pwd=SVLU2hEYO41SIUvakhRINDFCa051QT09>

Конференция идентификаторы: 839 8437 4587; Кіру коды: wF14d6

4) сағат 15:00-де «Арал қаласы Төле би көшесі бойынша автокөлік жол құрылысы».

Сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/86193648776?pwd=YktrQWZseFZtaU83eIZXVm1FcU5UT09;>

Жеке конференция нөмірі: 861 9364 8776; Қосылу коды: mQZ0by

Тапсырыс беруші: «Арал аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» КММ, БИН 050240008131, Арал қ., Астана көшесі, 33 үй, тел.: 87243324167.

Жобаны әзірлеушілер: ШС «Мекен және К» ТС, Қызылорда қ., Н.Назарбаев даңғылы, 21 Б/3, тел.:8(7242)244975. «КазЭкосистемс» ЖШС, Қызылорда қ., Байтұрсын көш.48, тел.:8(7242)275299.

Бірыңғай экологиялық порталға <https://ecoportal.kz> және жергілікті атқарушы орган (ЖАО) веб-сайты: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>.

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін эл.пошта мекен-жайы мен тел. нөмірі: [avtdor05@mail.ru](mailto:avtdor05@mail.ru), 87243324167.

ЖАО эл.поштамен мен пошталық мекен-жайы:Қызылорда облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы: Қызылорда қ., С.Бейбарыс көш.1, prd@korda.gov.kz, 8(4242)605369.

### Хабарландыру

14.12.2021ж. Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қ., Астана көшесі, 33 үйде ҚОҚ жобалары бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өтеді:

1) сағат 09:30-да «Арал қаласы С.Муханов көшесі бойынша автокөлік жол құрылысы». Карантин ұзартылған жағдайда қоғамдық тыңдау онлайн режимінде Zoom платформасында бейнеконференция байланысы арқылы өтеді.

Сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/86193648776?pwd=YktrQWZseFZtaU83eIZXVm1FcU5UT09;>

Жеке конференция нөмірі: 861 9364 8776

Қосылу коды: mQZ0by

2) сағат 11:00-де «Арал қаласы К.Отегенов, М.Маметова, Т.Борикулов, А.Толегенулы, М.Дулатов, К.Сарсенбаев, К.Сатбаев көшелері бойынша автокөлік жол құрылысы».

Сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/84377437743?pwd=dVpRcis3C0hjeFZk2tUQnNMSHlZz09;>

Жеке конференция нөмірі: 843 7743 7743

Қосылу коды: mkG863

Тапсырыс беруші: «Арал аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары» КММ, БИН 050240008131, Арал қ., Астана көшесі, 33 үй, тел.: 87243324167.

Жобаны әзірлеушілер: ШС «Мекен және К» ТС, Қызылорда қ., Н.Назарбаев даңғылы, 21 Б/3, тел.:8(7242)244975. «КазЭкосистемс» ЖШС, Қызылорда қ., Байтұрсын көш.48, тел.:8(7242)275299.

Бірыңғай экологиялық порталға <https://ecoportal.kz> және жергілікті атқарушы орган (ЖАО) веб-сайты: <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>.

Жоспарланған шаралар туралы қосымша ақпарат алу үшін эл.пошта мекен-жайы мен тел. нөмірі: [avtdor05@mail.ru](mailto:avtdor05@mail.ru), 87243324167.

ЖАО эл.поштамен мен пошталық мекен-жайы:Қызылорда облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы: Қызылорда қ., С.Бейбарыс көш.1, prd@korda.gov.kz, 8(4242)605369.

### Объявление

13.12.2021г. по адресу Кызылординская область, Аральский р., г.Аральск, ул.Астана, 33 проводятся общественные слушания в формате открытого собрания по проектам РООС:

1) в 9:30 часов «Строительство автомобильной дороги по ул.А.Жубаниязова в г.Аральск Кызылординской области».

В случае продления карантина данные общественные слушания проводятся в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе Zoom.

2) в 11:00 часов «Строительство автомобильной дороги по ул. А. Сатаева в г.Аральск Кызылординской области».

3) в 15:00 часов «Строительство автомобильной дороги по ул. Ж. Тажимбетова в г.Аральск Кызылординской области».

В случае продления карантина данные общественные слушания проводятся в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе Zoom.

Ссылка приглашения: <https://us05web.zoom.us/j/83984374587?pwd=SVLU2hEYO41SIUvakhRINDFCa051QT09>

Идентификатор конференции: 839 8437 4587; Код доступа: wF14d6

4) в 17:00 часов «Строительство автомобильной дороги по ул.Төле би в г.Аральск».

Ссылка приглашения: <https://us05web.zoom.us/j/86193648776?pwd=YktrQWZseFZtaU83eIZXVm1FcU5UT09;>

Идентификатор конференции: 861 9364 8776; Код доступа: mQZ0by

Заказчик: КГУ «Аральский районный отдел ЖХК, ПТ и Ад», БИН 050240008131, г.Аральск, ул.Астана, 33, тел.: 87243324167.

Разработчики: ХТ ПТ «Мекен и К», г.Кызылорда, пр.Н.Назарбаева, 21 Б/3, тел.:8(7242)244975. ТОО «КазЭкосистемс», г.Кызылорда, ул.Байтұрсынбаева, 48, тел.:8(7242)275299.

Ссылка на Единый экологический портал: <https://ecoportal.kz> и официальный сайт местного исполнительного органа (МИО): <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>.

Эл.адрес и номер тел. по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: [avtdor05@mail.ru](mailto:avtdor05@mail.ru), 87243324167.

Электронный адрес и почтовый адрес МИО: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: г.Кызылорда, ул.С.Бейбарыс, 1, prd@korda.gov.kz, 8(4242)605369.

### Объявление

14.12.2021г. по адресу Кызылординская область, Аральский р., г.Аральск, ул.Астана, 33 проводятся общественные слушания в формате открытого собрания по проектам РООС:

1) в 9:30 часов «Строительство автомобильной дороги по ул. С.Муханова в г.Аральск Кызылординской области».

В случае продления карантина данные общественные слушания проводятся в режиме онлайн посредством видеоконференцсвязи на платформе Zoom.

Ссылка приглашения: <https://us05web.zoom.us/j/86193648776?pwd=YktrQWZseFZtaU83eIZXVm1FcU5UT09;>

Идентификатор конференции: 861 9364 8776

Код доступа: mQZ0by

2) в 11:00 часов «Строительство автомобильной дороги улиц К.Отегенова, М.Маметова, Т.Борикулова, А.Толегенулы, М.Дулатова, К.Сарсенбаева, К.Сатбаева в г.Аральск, Кызылординской области».

Ссылка приглашения: <https://us05web.zoom.us/j/84377437743?pwd=dVpRcis3C0hjeFZk2tUQnNMSHlZz09;>

Идентификатор конференции: 843 7743 7743

Код доступа: mkG863

Заказчик: КГУ «Аральский районный отдел ЖХК, ПТ и Ад», БИН 050240008131, г.Аральск, ул.Астана, 33, тел.: 87243324167.

Разработчики: ХТ ПТ «Мекен и К», г.Кызылорда, пр.Н.Назарбаева, 21 Б/3, тел.:8(7242)244975. ТОО «КазЭкосистемс», г.Кызылорда, ул.Байтұрсынбаева, 48, тел.:8(7242)275299.

Ссылка на Единый экологический портал: <https://ecoportal.kz> и официальный сайт местного исполнительного органа (МИО): <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru>.

Эл.адрес и номер тел. по которым можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности: [avtdor05@mail.ru](mailto:avtdor05@mail.ru), 87243324167.

Электронный адрес и почтовый адрес МИО: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: г.Кызылорда, ул.С.Бейбарыс, 1, prd@korda.gov.kz, 8(4242)605369.

## Мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің орындалуы

Аудандық жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі арқылы мүгедектерге «Мүгедектерді оңалтудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы №26 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 3 наурыздағы №61 бұйрығы бойынша оңалтудың жеке бағдарламасы (бұдан әрі –өжб) негізінде мемлекеттік қызметтердің 8 түрі көрсетіледі.

Барлық қызметтерді атап көрсеткенде:

1. Мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз ету. Протездік-ортопедиялық құралдар – қол мен аяқты немесе дененің басқа да мүшелерін алмастыратын, аурудың немесе денсаулықтың бұзылуы салдарынан организмнің бұзылған немесе жоғалтқан функцияларының орнын толтыратын құралдар. Аудан бойынша 2021 жылдың 9 айында 220 өжб орындалды.
2. Жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің қызметтерімен қамтамасыз ету. Жеке көмекші – мүгедекпен бірге оның тұратын жерінен баратын пунктінде дейін және қайтарда: жұмысқа, оқу орындарына, сондай-ақ мүгедек жергілікті өкілді және атқарушы органдарға, сотқа, прокуратураға, әлеуметтік сала объектілеріне, заң консультацияларына, нотариусқа, мадени-ойын-сауық іс-шараларына, спорт ғимараттарына, сауда объектілеріне, медициналық мекемелерге, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына және оқуына, жұмысқа орналасуына, өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғауына және іске асыруына, ақпарат алуына, қажетті құжаттарды рәсімдеуіне байланысты мәселелерді шешуі үшін өзге де ұйымдарға барған кезде ілесіп жүру бойынша әлеуметтік қызметтерді көрсететін адам;
3. Осы бағытта 2021 жылдың 9 айында 211 жүріп-тұруы қиын 1 топ мүгедектеріне 211 жеке көмекшілер қызмет жас

сады, жеке көмекшілердің қызметіне аудандық бюджеттен 146705,0 мың теңге бөлініп, оларға 124197,9 мың теңге төленді.

3. Есту кемістігі бар мүгедектерді жылна алппс сағат ымаду тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз ету. Ымдау тілі маманы – естітін және естімейтін адамдардың арасындағы делдалдық қызметті көрсетумен; мүгедектің конференцияларға, пікірталастарға және басқа да қоғамдық іс-шараларға қатысуға уақытында, мүгедектің оқуына, жұмысқа орналасуына, өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғауына және іске асыруына, мемлекеттік органдар мен консультациялық ұйымдарда ақпарат алуына, қажетті құжаттарды рәсімдеуіне байланысты мәселелерді шешуі үшін естітін адамдармен араласуы кезінде ымаду тілінен және ымаду тіліне кәсіби аударма жасауға байланысты әлеуметтік қызметтерді көрсететін маман.

2021 жылдың 9 айында 34 тіл-құлақ кемістігі бар мүгедектерге - 4 ымаду тілі маманы қызмет көрсетеді, ымаду тілі мамандарына жергілікті бюджеттен 3000,0 мың теңге, республикалық бюджеттен 6311,0 мың теңге, барлығы 9311,0 мың теңге қаржы бөлініп, оның 5820,3 мың теңгесі игерілді.

4. Мүгедектерді жүріп-тұрудың арнайы құралдарымен қамтамасыз ету; Арнаулы жүріп-тұру құралдары – мүгедектердің белсенді және баяу жүріп-тұруына арналған техникалық көмек түрі (бұдан әрі – кресло-арбалар); кресло-арбалармен – 56 өжб орындалды.

5. Мүгедектерді жеке мүгедек-балаларды санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету; Санаторий-курорттық емделу күнтізбелік жылда бір реттен артық емес күнтізбелік 14 күннен аспайтын мерзімге ұсынылады. Санаторий-курорттық емделуге жол жүру шығыстарын төлеу көрсетілетін қызметті алшылардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Бүгінгі таңға 75 адам санаторий-курорттық ем алды.

6. Мүгедектерді техникалық қосымша (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз ету;техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдар – протездік-ортопедиялық және

сурдо-тифлотехникалық құралдар мен міндетті гигиеналық құралдар;

Сурдотехникалық құралдар – есту кемістіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға арналған техникалық құралдар, оның ішінде байланыс пен ақпарат беруі күшейтетін құралдар, делінген. Сурдотехникалық құралдар бойынша – 30 өжб орындалды.

Тифлотехникалық құралдар – мүгедектердің көру кемістігі нәтижесінде жоғалтқан мүмкіндіктерін түзеуге және олардың орнын толтыруға бағытталған құралдар, 9 ай бойынша 115 өжб орындалды.

Міндетті гигиеналық құралдар – табиғи физиологиялық қажеттіліктер мен мұқтаждықтарды қанағаттандыруға арналған құралдар; 9 ай бойынша 777 өжб орындалды. 2021 жылға аудандық бюджеттен міндетті гигиеналық құралдарға 20694,0 мың теңге, республикалық бюджеттен 28151,0 мың теңге қаралып, барлығы 33522,8 мың теңгесі игерілді.

7. Үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бойынша 111 мүмкіндігі шектеулі балаларға 30 әлеуметтік қызметкер, 81 жалғызбалалы қарттар мен мүгедектерге 15 әлеуметтік қызметкер қызмет көрсетеді.

8. Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бойынша 2021 жылдың 9 айында Қызылорда қаласында орналасқан «Тансұат» мүгедектерді оңалту орталығына» ем алуға 38 мүгедек, 1 қарт жолданды.

Қызылорда қаласында орналасқан №2 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына жеке оңалту бағдарламасына сәйкес 1 мүгедек жолданды.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен «Арал ауданы мүгедектер ұйымы қоғамдық бірлестігі» 2021 жылдың 9 айында 18 жасқа дейінгі мүмкіндігі шектеулі 24 балаларға күндіз болу бөлімшесі бойынша жартылай стационар жағдайында қызмет көрсетеді.

Н.БАЙНАЗАРОВА,

Ұйымдастыру, кадр, мүгедектермен, ардагерлермен жұмыс және әлеуметтік төлемдер секторының меңгерушісі

## Жемқорлыққа жол жоқ

«Жемқорлыққа